

Б.А.Сарсенова¹, Ж.С. Уристемова¹

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ЖАС ОТБАСЫ ТҮСІНІГІН ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада жас отбасы түсінігі, мәртебесі, негізгі мәселелері мен отбасылық құндылық аспектілері қарастырылған. Отбасы әлеуметтік институт ретінде қалыптасу мен даму кезеңінде әртүрлі сатылардан өтіп, белгілі бір функцияны атқарады. Жас отбасы қандай қоғамда болмасын өмірлік қиындықтармен кездесетіндіктен мемлекет, қоғам тарапынан қолдауды қажет етеді. Жас отбасының материалдық қажеттіліктері мен мұқтаждықтары, олардың туындау себептері мен салдарлары және оларды шешу жолдары осы зерттеудің өзегі болып отыр. Жаңадан неке құрған жастар арасындағы рухани-моральдік өзара түсіністікті, олардың дүниетанымдық көзқарастары, мақсаттары мен мұраттарын зерделей отырып, отбасында туындайтын әртүрлі кереғар құбылыстардың себептерін ашуға талпыныс жасалды. Сонымен қатар, қазіргі заманауи қоғамдағы неке мен отбасы құндылықтарының біршама өзгеріске ұшырауы сияқты құбылыстардың жас отбасыларға әсері қарастырылды. Жастар арасындағы азаматтық некеге басымдық беру үрдісінің кең етек жаюы мен оның себептері жайлы баяндалды. Қазіргі қоғамда кең етек жайып отырған жас отбасылар арасындағы ажырасудың көбеюінің себептері пайымдалды. Мемлекет тарапынан жас отбасыларға көрсетілетін көмек түрлері тілге тиек етіліп, отбасылық мәселелерді шешуге пікір ұсынылды.

Кілт сөздер: отбасы, неке, жас отбасы, әлеуметтік институт, патриархалдылық, жұбайлар, эгалитарлы отбасы, нуклеарлы отбасы, азаматтық неке.

A.B. Sarsenova¹, Zh.S. Uristemova¹

¹*Kazakh national women's pedagogical university*

SOCIOLOGICAL ANALYSIS OF THE CONCEPT OF YOUNG FAMILY

Abstract

The article discusses the concept, status, key problems and aspects of family values of a young family. The family as a social institution goes through various stages of formation and development and performs a certain function. Young families face life problems in any society and need the support of the state and society. The material needs and needs of young families, their causes and consequences, as well as ways to address them, are the basis of this study. An attempt was made to identify the causes of various contradictions in the family by studying the spiritual and moral understanding between the newlyweds, their worldview, goals and ideals. In addition, the influence of such phenomena as significant changes in the values of marriage and family in modern society was taken into account. The prevalence of the tendency to give priority to civil marriage among young people and its causes is described. The reasons for the increase in the number of divorces among young families, which is widespread in modern society, are explained. The types of assistance provided by the state to young families were discussed, and opinions were expressed on how to solve family problems.

Key words: family, marriage, young family, social institution, patriarchal, spouses, egalitarian family, nuclear family, civil marriage.

B.A. Sarsenova¹, Zh.S. Uristemova¹

¹*Казахский национальный женский педагогический университет*

СОЦИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ПОНЯТИЯ МОЛОДОЙ СЕМЬИ

Аннотация

В статье рассматриваются понятие, статус, ключевые проблемы и аспекты семейных ценностей молодой семьи. Семья как социальный институт проходит различные этапы становления и развития и выполняет определенную функцию. Молодые семьи сталкиваются с жизненными проблемами в любом обществе и нуждаются в поддержке государства и общества. Материальные потребности и нужды молодых семей, их причины и последствия, а также способы их устранения лежат в основе этого исследования. Была предпринята попытка выявить причины различных противоречий в семье путем изучения духовного и нравственного понимания между молодоженами, их мировоззрением, целями и идеалами. Кроме того, учитывалось влияние таких явлений, как существенные изменения ценностей брака и семьи в современном обществе. Описана распространенность тенденции отдавать приоритет гражданскому браку среди молодежи и ее причины. Объясняются причины увеличения количества разводов среди молодых семей, которое широко распространено в современном обществе. Обсуждались виды помощи, оказываемой государством молодым семьям, и высказывались мнения о том, как решать семейные проблемы.

Ключевые слова: семья, брак, молодая семья, социальный институт, патриархальность, супруги, эгалитарная семья, нуклеарная семья, гражданский брак.

Отбасы – мемлекет құндылықтарының бірі, әлеуметтік институттардың ішіндегі қоғамдық қатынастарды қалыптастырып, болашақ тұлға нәрестені әлеуметтану үдерісінен өткізетін бірегей десек болады. Мемлекетті құраушы тұлғалардың өсіп, өркендеуін қамтамасыз ететін жауапкершілік те осылардан бастау алады. Отбасы - некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасылық қатынастарды нығайту мен дамытуға көмегін тигізетін, мүліктік және мүлікке қатысты емес жеке бастық құқықтармен байланысқан адамдар тобы. Отбасы - бұл шағын әлеуметтік топ ретіндегі отбасылық одаққа және отбасылық байланыстарға негізделген жеке өмірді ұйымдастырудың маңызды нысаны, ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар, ағайындылар, әпке-қарындастар және бірге тұратын, бірлескен үй шаруашылығын жүргізетін басқа туыстар арасындағы қатынастар [1, 342].

Кез-келген құбылыс пен үдерістің бастауы табиғи-әлеуметтік заңдылық болатын болатыны белгілі. Некеден туындайтын отбасы институтының бастапқы кезін жас отбасылық кезең деп бөлеміз. Неке отбасын құрудың негізі болып табылады. Ерлі-зайыптылар арасындағы саналы ғұмырдағы жар таңдау мен мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туындататын отбасын құру мақсатымен, еліміздің заңында белгіленген тәртіппен екі жақтың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған ер мен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты неке деп тұжырымдаймыз [2, 37]. Адам баласы о бастан бастап отбасын қалыптастырып қана қоймай, оның рухани тазалығына, отбасын заңдастыратын әдет-ғұрып пен салт-дәстүрдің сақталуына ерекше мен берген. Оның барлығы екі жұбайдың алғашқы бас қосқан кезеңінен, яғни жас отбасы мәртебесіндегі кезден бастау алады.

Қазіргі кездегі отбасы – жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда өмір сүріп жатқан бірден-бір динамикалық топ, яғни отбасы арқылы бір жағынан гендерлік таптаурындардың сабақтастығы мен жыныстар арасындағы қарым-қатынастардың сақталуы, екінші жағынан отбасы жұбайлар сана-сезімінде көрініс тапқан құндылық бағыттар, қажеттіліктер, өмірлік жоспарлар, жыныстар арасындағы қарым-қатынастарға қатысты барлық жаңашылдықтың бастауы болып табылады. Дәл осындай отбасында ер адамдар мен әйелдердің орны мен рөлдері туралы жаңа түсініктер қалыптасады, жыныстық мораль (өнеге) өзгереді, жыныстық-рөлдік сәйкестік пен жыныстық субмәдени дифференциацияның тасымалдануы жүзеге асады.

Бүгінгі заманғы отбасында ата-аналық және де басқа әлеуметтік маңызды рөлдер таңқаларлық жылдамдықпен өзгеріп, жаңа мазмұнмен толықтырылып келеді. Қазіргі жұбайлардың некелік бағыттары, мақсаты, көзқарастары, құндылықтары аға буын көзқарастарына қарағанда көп ерекшеленеді. Соның ішінде бүгінгі заманғы отбасы көзқарасының бұрынғы отбасы көзқарасымен салыстырғанда ерекшелетіні – біріншіден, бүгінгі отбасының гендерлік қарым-қатынастары мен рухани үдерістері болып жатқан өзгерістердің тереңдігі мен жылдамдығын, ауқымдылығын сезінуге мүмкіндік туғызылуда, екіншіден, патриархатты гендерлік сәйкестіктен эгалитарлыққа өтудің қарама-қайшылығын түсініп және

өзгеру жылдамдығын эмпирикалық тексеріп түсінуге ықпал етіліп, отбасы-некелік құндылықтарды дәріптеуге басымдылық берілгендігінде.

Отбасы - ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп келе жатқан мәдени үлгілердің негізгі тасымалдаушысы, сонымен қатар жеке тұлғаны әлеуметтендірудің қажетті шарты болып табылады. Отбасында адам әлеуметтік рөлдерді үйренеді, тәрбие негіздерін, мінез-құлық дағдыларын алады. Балалардың туылуы, тәрбиесі, белгілі бір өмірлік дағдылары жас отбасында қалыптасады. Сондықтан да отбасы - барлық әлеуметтік институттардың негізі. В.В. Шалинмен А.А. Панченконың пайымынша: «Қарапайым қоғамдардың көпшілігінде отбасы - жалғыз нақты институт.

Отбасы құрылымының екі түрі бар:

- Нуклеарлы отбасы ата-аналар мен балаларынан тұрады.
- Үлкен отбасы құрамында нуклеарлы отбасы және атасы мен әжесі, немерелері, ағасы, тәтесі, немере-қарындастары сынды көптеген туыстардың жиынтығын құрайды» [3].

Жас отбасының басты белгілері - ресми түрде тіркелген неке және ерлі-зайыптылардың жас шегі 18-ден 30 жасқа дейін болуы деп саналады. Алайда, жас отбасы түсінігі биологиялық және әлеуметтік сипатқа ие болғандықтан жас мөлшеріне қарап қана жас отбасы мәртебесіне кіргізу дұрыс емес. Бірінші сипат – жастар арасындағы неке, екіншісі – жақында ғана қалыптасқан, құрылғанына аз ғана уақыт өткен отбасы. Статистика әдетте бір жыл мен үш жыл арасында бірге тұрып жатқан отбасыларды жас отбасы ретінде атап көрсетеді. Өз кезегінде жас отбасылар отбасындағы адамдар санына қарай, ата-аналарымен бірге немесе бөлек тұратын, балалы және баласыз; кәсіби белгілері бойынша – студенттік отбасы, жұбайлардың біреуі немесе екеуі де жұмыс жасайтын, сонымен қатар, олардың қандай да бір салада жұмыс жасауына байланысты бөлінеді. Жас отбасының ерекше түрі екінші рет немесе одан да көп қайта неке құруда қалыптасады.

Отбасы - адамның өмірінің бастауынан бастап барлық саналы ғұмырының аяғына дейінгі өмір сүретін ортасындағы негізгі әлеуметтік институттың бірі. Отбасы - бұл жайлылықты, жақын адамның жылуы мен қамқорлығын, өмірден қанағат сезімін сезінуге мүмкіндік береді. Адамдардың едәуір бөлігі ерте ме, кеш пе, отбасын құрайды. Алғашында отбасылық өмір керемет болып көрінеді, ерлі-зайыптылар бақыт, қуаныш және бір-біріне деген шексіз махаббат сезімін сезінеді. Алайда, заман ағымындағы әртүрлі әлеуметтік-экономикалық, рухани-материалдық өзгерістерге байланысты кейінгі жылдары отбасы айтарлықтай өзгерістерді басынан кешіруде. Экономикалық, саяси және әлеуметтік мәселелердің ауыртпалығында тек тұрмыс жағдайы ғана тығырыққа тірелмейді, сонымен бірге ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы бұзылады, отбасы адам үшін үнемі қорғаныс бола бермейді.

Біріншіден, жас жұбайлардың мәдениеті мен моральдық деңгейі толық қанағаттанарлықтай деңгейде емес, екіншіден, олар ата-аналарының пікірлерін, айтқан ақылдарын олардың жеке өміріне қол сұғу деп қабылдайды, үшіншіден, ерлі-зайыптылардың отбасы туралы түсінігінің аздығы мен жеке амбицияларының тым жоғары болуы көбінесе ажырасудың басты себептерінің бірі болып саналады, төртіншіден, қиындықтарға тап болған жастар бәріне өздерін емес, басқаларды айыптай бастайды. Жас отбасылардың қазіргі кездегі қиындықтары оны зерттеу және осы мәселелердің әлеуметтік-экономикалық және психологиялық себептерін түсіну үшін маңызды болып табылады.

«Қазақстанның тең құқық пен тең мүмкіндік институтында» Әлеуметтік статистика мәліметтері мен «Қазақстандық отбасылар - 2019» жобасының аясында ҚР барлық өңірлерінде 2019 жылдың шілде айы мен қараша айының аралығында өткізілген кешенді әлеуметтік зерттеуде ажырасудың себептеріне: — Алматы облысы (83,3%), Түркістан облысы (71,4%), Нұр-Сұлтан қ. (69,8%), Қостанай облысы (68,6%), Маңғыстау облысы (67,3%), Алматы қ. (65,5%).

• Моральдық шектеулердің болмауы, барлығына рұқсат беру — Ақмола облысы (53,9%), Атырау облысы (48,3%), Қостанай облысы (47,7%).

• Ғаламтор, әлеуметтік желілердің әсері — Нұр-Сұлтан қ. (44,2%), Шымкент қ. (39,8%), Түркістан және Батыс Қазақстан облысы (33,7%-дан) деген деректер келтірілген.

Зерттеуде қазақстандық қазіргі әйелдердің жиі жағдайларда некедегі тең емес қарым-қатынасқа, зорлыққа, ерінің жауапсыздығына шыдай алмауымен байланысты ажырасулардың өсуіне қарым-қатынасын анықтады. Осыдан басқа, олардың экономикалық мәртебесі кейде

ерлерден төмен емес. Әйелдер көбінесе осы себептерді алға тартып ажырасуға шешім қабылдайды екен [4, 17].

Жас отбасыға қатысты мемлекеттік саясат тұжырымдамасында жас отбасылар үшін ең өзекті мәселелердің екі блогы анықталған: әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық.

Бірінші блок жас жұбайларды материалдық қажеттіліктермен, тұрғын үймен қамтамасыз ету және жұмыспен қамту мәселелерін қамтиды. Жас отбасының негізгі бөлігінің табысы төмен болып келеді. Еңбек нарығында жас маманға сұраныстың жоқтығы немесе тиісті жұмыс тәжірибесінің жоқтығынан жалақының төмен болуы жас отбасылардың қаржылық жағдайының нашарлауына және тұтастай алғанда ел халқының өмір сүру деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді [5, 39].

Екінші блок жас жұбайлардың бір-біріне, жаңа жағдайға (рөлдер, стереотиптер мен мінез-құлықтардың өзгеруі) және жаңа туыстарға бейімделу мәселелерін қамтиды.

Бірқатар зерттеушілер жас отбасының қазіргі жағдайын талдай отырып, әлеуметтік мәселелерді, қазіргі заманғы отбасының тұрақтылығы, отбасылық тәрбие мәселелерін қосымша қарастыруды ұсынады.

Жалпы, отбасындағы күйзеліске және жас отбасының қазіргі жағдайына әсер ететін негізгі факторларға табыстың төмен деңгейі, тұрғын үйдің болмауы, балалы болғаннан соң кедейлік қаупінің жоғарылауы, балалы отбасыларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің мемлекеттік ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық тетіктерінің тиімділігінің төмен болуы, бұқаралық ақпарат құралдарының деструктивті әсері, жастардың отбасылық өмірге дайын еместігі, оның моральдық-психологиялық негіздерін білмеу, жанжалдарды жұбайлардың өзара келісімге келе отырып шеше алмауы, эгоизм жатады.

Отбасы - қоғамның және мемлекеттің қазіргі және болашақтағы негізгі ұяшығы. Қазіргі кездегі жас отбасылардың мәселелері оны зерттеу және осы мәселелердің себептерін түсіну үшін ерекше маңызды міндет болып табылады. Жас отбасылардың маңызды мәселелерін толығырақ қарастырайық. Қазіргі уақытта жас отбасылар олардың дамуы мен қарым-қатынасына әсер ететін қиындықтарды бастан кешуде. Қазіргі кезеңде жаңа үйленгендердің мәселелері сан алуан. Қоғам дамуындағы қазіргі жағдайға байланысты отбасылық мәселелерінің екі негізгі блогы бар: әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-экономикалық. Олар бірқатар негізгі мәселелер бойынша былай жіктеледі:

1. Тұрғын үй мәселелері. Некеге тұру кезінде жастар ең алдымен материалдық және тұрғын үй мәселелері туралы ойлайды. Әрине, материалдық қамтамасыз етілу және тұрғын үй мәселесі бірінші кезекте отбасылы болу үшін керекті қажеттілік. Бұл жас жұбайлар үшін басты мәселелердің бірі болып табылады. Шынында да, қазіргі қоғамда бұрынғыдай тегін баспана алуға мүмкіндік жоқ. Ал еркін нарықта қарапайым жас отбасына үй сатып алу қиынға соғады. Көптеген жас отбасылардың жалақысы аз немесе өзінің минималды кірісі жеке баспана сатып алуға жетпейді. Қазіргі уақытта жұмыссыздық деңгейі де жоғары, бұл жас мамандарды жұмыспен қамтуға және тұрғын үймен қамтамасыз етуге айтарлықтай әсер етеді. Мұндай жағдайларда жас отбасылар ата-аналарымен тұрады, бірақ жас отбасылардың тек аз бөлігі ғана ата-анасымен бірге өмір сүргісі келеді, жастар арасында жарының ата-анасында үйі бола олардан бөлек тұру үрдісі көп кездеседі, сол себепті кейбіреулері пәтерді жалға алады. Тек аздаған жас отбасыларда ғана жеке пәтерлер бар. Біреулерге жақындары тұрғын үйді сыйға тартады, кейбіреулер ипотека рәсімдейді. Алайда, көптеген зерттеулерге сәйкес, материалдық және тұрғын үймен қамтамасыз етілу факторы отбасының тұрақтылығына тікелей әсер етпейді.

2. Материалдық және тұрмыстық мәселелер. Әр жас отбасы материалдық мәселелерге, тұрмыстық қиындықтарға тап болады. Отбасылық өмір туралы білмеу және отбасылық қатынастар тәжірибесі болмағандықтан, жастар арасында келіспеушіліктер туындайды. Көптеген ерлі-зайыптылар үйлену тойынан кейін бәрі оңай болады, бойдақ кездегідей романтикалық қарым-қатынас сақталады, отбасылық өмір еш уайымсыз және қиындықсыз өтеді деп ойлайды, бірақ отбасылық өмірде бәрі басқаша болады. Үйлену тойынан кейін бірлескен өмір басталады. Негізінен, үйді жинау, тамақ дайындау, өзіне және күйеуіне қамқорлық жасау сияқты барлық жұмыстар әйелге жүктеледі, ал отбасын материалдық қамтамасыз ету міндеті ер адамға жүктеледі. Отбасында бұрын кездеспеген көптеген жауапкершіліктер басталады, жастар өмірдің мұндай түбегейлі өзгеруіне дайын болмағандықтан, содан келіп олар бір-біріне деген көңіл

толмаушылық, жанұялық өмірге байланысты наразылық білдіре бастайды. Бұл мәселені шешуге ерлі-зайыптылардың ата-аналары көмектесе алады. Бұл мәселеде тәжірибелі көзқарасы болғандықтан олар жас отбасына ақыл-кеңес беру мен тоқтамға шақыру арқылы жәрдем беру мүмкіндіктері бар. Сонымен бірге, отбасында материалдық мәселелердің болуының субъективті екенін де атап өткен жөн, себебі, тұтынушылық стандарттардың жоғары деңгейіне назар аударатырып, ерлі-зайыптылар сонымен бірге олардың отбасылық айлық бюджетінің өте жоғары деңгейде болуын қалайды. Демек, мәселе табыс деңгейінде емес, жастардың талаптары деңгейінде, олардың отбасыларына қатысты өмір сапасы мен стандарттары туралы субъективті идеяларында да болуы мүмкін [6, 39]. Жас отбасылардың қаржылық қауіпсіздігі отбасылық бюджет шығындарынан байқалады. Ерлі-зайыптылар отбасылық бюджеттің негізгі бөлігін азық-түлікке, киім-кешек сатып алуға, тұрғын үй-коммуналдық және көлік қызметтеріне ақы төлеуге, сондай-ақ ай сайынғы несиені өтеуге жұмсайды. Жас отбасылардың салыстырмалы түрде аз бөлігі ғана отбасылық бюджеттің негізгі бөлігін жылжымайтын мүлік немесе автомобиль, тұрмыстық техника мен жиһаз, дәрі-дәрмек сатып алуға, отбасылық демалыстарға, жұбайының білім алуына және ата-аналарына жұмсайды. Аталған отбасылық бюджет жас отбасылардың тек негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

3. Жұмыспен қамту. Жалақының төмендігі, жалпы материалдық қауіпсіздік - бұл жас отбасы үшін маңызды мәселелердің бірі. Көбіне жастарға жалақысы жоғары жұмыс табу қиын. Жоғары жалақы ұсына алатын ұйымдар жұмыс орнына үміткерлерге үлкен талап қояды, мысалы, көп жылдық жұмыс тәжірибесі, сондықтан жастар жалақысы төмен жұмыспен шектелуге мәжбүр болады, бұл отбасылық өмірге айтарлықтай әсер етеді. Жас маманның жұмысқа орналасуы, жалақының әсіресе бюджеттік сферада төмен болуы, екінші деңгейдегі жалақыға қанағаттанбау жас мамандарды басқа қалаға жұмыс іздеуге, тіпті шетелге кетуге итермелейді. Әрине, жастардың жұмыспен қамтылу мәселесі жас отбасына айтарлықтай әсер етеді, кейде тіпті оның беріктігіне қауіп төндіреді. Шынында да жұмыстың жоқтығынан, жалақының аздығынан көптеген жастар материалдық тұрғыдан қиындыққа тап болады, сондықтан олар өз отбасыларын толық қамтамасыз ете алмайды. Сол себепті көптеген ерлі-зайыптылар өздерінің некелерін тіркемейді және азаматтық некеде өмір сүреді, өйткені адамдар өздерінің болашақ отбасы үшін жауапкершілікті қабылдаудан қорқады және азаматтық неке олар үшін оңтайлы болып табылады.

4. Жас отбасының психологиялық мәселелері. Жас отбасы қиындықтарының құрылымында психологиялық проблемалар маңызды орын алады. Психологиялық мәселелер өте көп, бірақ олар отбасылық өмірге әсері ерлі-зайыптылардың өздеріне байланысты. Психологиялық мәселелерге өзара эмоционалды қатынастар, психологиялық үйлесімділік, ерлі-зайыптылардың жаңа өмір салтына үйренуі жатады. Жас отбасының қиындықтарының ішінде қақтығыстар, түсінбеушілік, келіспеушілік, наразылық және т.б. психологиялық сипаттағы мәселелер маңызды орын алады. Күнделікті отбасылық өмірде бәрі идеалды түрде бола бермейді. Бұл - ұзақ өмірлік тәжірибесі бар отбасылар үшін де үлкен мәселе, ал жас отбасы үшін бұл айтарлықтай үлкен мәселе. Жас жұбайларға қарым-қатынас жасау, үйлестіру, талқылау, ымыраға ұмтылу қажет, ал бұлар жалпы уақыт өте келе игерілген дағдылар. Ата-анасы, ағасы, әпке-қарындасы бар үлкен толыққанды отбасында өскендер үшін бұл салыстырмалы түрде тезірек шешілетін мәселе. Ал қазір бұл өте сирек кездеседі. Балалар шағын отбасында немесе толық емес отбасында өскендіктен тым ерке, өзімшіл болып келеді. Сондықтан, жастардың жанжалды, отбасылық жағдайларды сауатты түрде шешуге икемі аз. Отбасылық қатынастардың қайшылықтарына ерлі-зайыптылардың ата-аналары, достары, әріптестері, үй шаруашылығы және үй міндеттерін бөлісу, материалдық шығындар саласы, қаражат мөлшері әсер етеді. Сондай-ақ, жас жұбайлар арасында жары назарының жеткіліксіз болуына, жақындық пен сенімділіктің болмауына, ерлі-зайыптылық рөлдерге байланысты өзара наразылық туындайды. Жас жұбайлар бір-бірінің жеке қызығушылығына, жары мінезінің көріністеріне үйренуі керек. Жас отбасылар осындай психологиялық мәселелерді сезіне алмайды және оларды өздері шеше алмайды [7, 58]. Отбасылық өмірдің басында бір-біріне деген сенімнің болмауы, өсек, сыбыс ерлі-зайыптылар арасында күмән туғызады және қызғаныш пайда болады. Осының салдарынан достарымен қарым-қатынасқа, сапарға шығуға тыйым салынады, телефондар және әлеуметтік желілердің парақтары тексеріледі, осының салдарынан дау-дамай басталады. Жас отбасыларда өзара құрмет сирек кездеседі, сондықтан бір-бірін тыңдай және түсіне алмау

үйлесімді қарым-қатынас орнатуды қиындатады. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы отбасында басшы болуды және басқаруды қалайды, бірақ жас жұбайлар неке - бұл екі адамның бірлестігі екенін және бір-біріне көп нәрсеге қол жеткізу үшін көмектесу қажеттігін ұмытады. Ерлі-зайыптылардың көпшілігі жұбайы үшін жауапкершілік алғысы келмейді, олардың бірінің (әйелі немесе күйеуі) мәселелері туындаған кезде бірлесіп шешуге ұмтылмайды. Егер ерлі-зайыптылар өзара сүйіспеншілікке ұмтылса, бір-бірін құрметтеуге және барлық мәселелерде ымыраға келуге үйренсе, жұбайлар арасындағы көптеген психологиялық мәселелерден аулақ болуға болады [8, 71]

5. Медициналық мәселелер. Жас отбасылардың некеге тұруға дайын еместігі интимдік қарым-қатынас мәдениетінің жетіліксіздігінен, жастардың репродуктивті мінез-құлыққа бейжай қарауынан көрінеді. Жас жұбайлар, әрине, балаларының болғанын қалайды, бірақ барлық ерлі-зайыптылардың балалары бола бермейді. Әйел адамның түсік жасатуы, әртүрлі гинекологиялық аурулар және т.б. медициналық себептер бала көтеруге әсер етеді. Қазіргі кезде жастар арасында медициналық сараптама арқылы ғана анықтайтын жыныстық жолмен жұғатын аурулар түрі де көп. Қалалық тұрғындар арасында тән саулығына жағымды ықпал ететін дене еңбегімен айналысуға мүмкіндік аз, бұған әсіресе жалақысы төмен болып келетін жастардың арнайы жаттығу залдарына баруға уақыты мен оған төлейтін ақшасының жоқтығы себеп болады. Бір орнында ұзақ сағаттар бойы қозғалмай отырып жұмыс істеу де адам денсаулығына кері әсері бар. Бұл өз кезегінде ер адамдар арасындағы қуық түбі безінің қабынуы сияқты ауруларға әкеліп, ерте жастан белсіздікке де тап болу қаупінің көбеюіне себепкер болуы мүмкін. Осыдан туындайтын салдарлардан медициналық мекемелерде емделуге тура келетін ер адамдар тарапынан болатын мәселелер де бар [9, 319]. Өкінішке орай, ерлі-зайыптыларда әртүрлі резус факторы бар отбасылар жиі кездеседі және бұл бала көтеруге әсер етеді. Медициналық себептермен балалы бола алмайтын ерлі-зайыптылар да бар, бірақ қазіргі уақытта мұндай отбасылар үшін эко, немесе суррогат ананы іздеу мүмкіндігі бар.

XX ғасырдан бастап әйелдердің әлеуметтік жағдайының өзгеруі жаңа типтегі отбасының пайда болуына әкеледі. Әйелдер қызметтің жаңа бағыттарын - әлеуметтік, еңбектік, саяси, мәдени бағыттарды терең игеріп, отбасы саласын өзгерте бастайды және осының барлығын сәтті үйлестіре бастайды. Елімізде гендерлік саясат басты назарға алынып, еңбек саласында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Бұл жағдайға білім беру және кәсіптік білім беру, әйелдердің қоғамдық өмірге қатысуы, тұрмыстық индустрияландыру, балалар оқу орындары санының өсуі және балалар санын жоспарлау мүмкіндігі туралы қосарланған стандарттың күшеюі ықпал етеді. Алайда, кәсіпқой монополиядан айырылған ер адамдар көптеген отбасылық жанжалдарға әкелетін «дәстүрлі» отбасылық артықшылықтармен бөлісуге бірден көне қоймайды. Жас отбасылардағы негізгі кикілжіңдердің бір себебі де осы болуда [10, 181].

Қазақстан қоғамын сипаттайтын күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайда қазіргі жастар отбасын құруды тек армандап қана қоймайды, сонымен қатар, өзара үйлесімдікті, қарым-қатынастардың беріктігін, сүйіспеншілікті, әртүрлі сипаттағы туындаған мәселелерді бірлесе шеше алу қабілеттілігін сынай алу үшін азаматтық некеге тұруда. Осыдан кейін ғана міндетті түрде некеге тұру және заңды балаларды туу арқылы берік, бақытты отбасы құруға болады деп санайды. Қазіргі кезде некенің дәстүрлі үлгісінен кету, некеден тыс бірге өмір сүрудің қолайлы әлеуметтік нормаға айналғанын білдіреді.

Осылайша, бейресми отбасы ресми некемен бәсекелес болуда. Сонымен қатар, ресми некеге тұруға деген ұмтылыс некеге оңтайлы жасқа (20 жасқа дейін) дейінгі және оңтайлы жастан кейінгі (30 жастан кейін) адамдар арасында көп байқалады. Ажырасу тым жастай неке құру жағдайындағы отбасылық мәселелерді шешудің ең танымал нұсқасына айналды. Қазіргі жағдайда, ажырасу коэффициентінің көбеюі неке мен отбасы қатынастары құнын төмендететін кереғар құбылыс болып тұр. Ажырасқандар арасында некеге деген теріс көзқарасқалыптасады және олар көбінесе болашақта неке қатынастарын тіркемейді, сонымен қатар ажырасу санының ұлғаюы отбасында балалар санының азаюына, толық емес отбасылардың көбеюіне әкеледі [11, 212].

Тұрақты отбасы жастардың белгілі бір отбасылық өмірге дайын болғанда ғана мүмкін болады. Жас отбасында туындайтын әлеуметтік мәселелерді шешуді әлеуметтік жұмысты, әлеуметтік қызметтердің қызметін және мемлекеттік жастар саясатын ұйымдастырусыз жүзеге

асыру мүмкін емес. Қазақстан Республикасында жас отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету аясында мемлекет тарапынан мынадай көмек көрсетіледі

- жас отбасыларға, әсіресе, аз қамтылған отбасыларға мемлекеттік қолдаудың мақсатты бағдарламаларын (жобаларын) қалыптастыру, оларға әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуде материалдық және басқа да көмек көрсету, жас ата-аналардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, салауатты өмір салтын насихаттау, репродуктивті денсаулық сұрақтары бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, балаларды тәрбиелеу және дамыту, отбасылық және балалар демалысын ұйымдастыру бойынша тәрбие жұмысын жүргізу;

- жас отбасылар мәселелері бойынша әлеуметтік мониторинг жүргізу;

- жас отбасыларға тұрғын үй салу мен сатып алуда (субсидиялау, мақсатты жеңілдетілген несиелер, ипотекалық несие беру, мемлекеттік және муниципалды тұрғын үйді жалдау тетіктерін енгізу үшін және т.б.), аз қамтамасыз етілген жас отбасыларға тұрғын үй жағдайларын жақсартуда мемлекеттік заңдарды және басқа нормативтік актілерді жетілдіру;

- жас азаматтарға, жастар бірлестіктеріне, оның ішінде жас отбасыларға арналған тұрғын үй бірлестіктеріне (жастар тұрғын үй кешендеріне) қолдау көрсету, жастар үшін қол жетімді баспана салу жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;

- жас отбасыларға көрсетілетін қызмет аясын кеңейту мақсатында әлеуметтік қызметтер жүйесін қалыптастыру, тәрбиелік, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-құқықтық, психологиялық, педагогикалық, ақпараттық, кеңестік және басқа қызметтерді жетілдіру.

Осылайша, өмір жолында жас ерлі-зайыптылар көптеген мәселелер мен қиындықтарға (материалдық құндылықтар және тұрғын үймен қамтамасыз етілу, жұмысқа орналасу, медициналық мәселелер, психологиялық және тағы басқалар) тап болуға мәжбүр, олардың көпшілігін әрқашан жас отбасылар өздері шешуге дәрменсіз және оларға мемлекет тарапынан көмек өте маңызды. Дәл осыған байланысты, қоғам өзгеруінің қазіргі жағдайында жас отбасылар мәселелері күн сайын өзекті болуда және қажетті әлеуметтік қолдау мен көмек берудегі мемлекет рөлі үнемі өсіп келеді.

Жас отбасыларға қатысты әлеуметтік саясат, ең алдымен, мамандардың пікірінше, тұрғын үй мәселелерін шешуге, балабақшалар жүйесін жетілдіруге және жастардың мықты, әлеуметтік сау отбасы құруға деген көзқарасын қалыптастыруға бағытталуы керек.

Осылайша, мемлекет өз органдары арқылы азаматтардың маңызды құқықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін кепілгер болып табылатындықтан, келесі тұжырымдар жасауға болады. Жас мамандардың еңбек құқықтарын қорғаудың және жас отбасыларға отбасылық кәсіпкерлікті ұйымдастыру және дамыту үшін жағдайлар жасаудың тиімді жүйесін құру қажет. Жас ата-аналардың еңбек әлеуетін іске асыруы үшін тиімді жағдай жасау керек.

Жас отбасы үшін бірлескен ата-ана мен бала демалыстарында мазмұнның жетіспеуі байқалады, бұл біріншіден, тиісті демалыс орындары желісінің дамымауымен, екіншіден, балаларға арналған дамытушылық және ойын-сауық қызметтерінің қымбаттығымен байланысты. Сондықтан, жас отбасылардың мәселелерін белгілі бір қиындықтары мен қызығушылықтары бар әртүрлі санаттағы қызмет түрлеріне бөлуге ықпал ету арқылы шешуге болады деп тұжырымдай аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Е.М. Бабосов. Социология: Энциклопедический словарь (от классики до современности). М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2015. – 480 с.

2. Антонов А.И., Медков В.М. Социология семьи. М.: Изд-во МГУ: Изд-во Международного университета бизнеса и управления ("Братья Карич"), 2017. – 304 с.

3. Shalin V.V., Panchenko A.A. TRANSFORMATION OF A LARGE FAMILY MODEL AS A BASIC ELEMENT OF RUSSIA'S SUSTAINABLE DEVELOPMENT. *Theory & Practice of Social Development*. 2019, Issue 4, p64-74. 11р.

4. Қазақстанның тең құқық пен тең мүмкіндік институты ҚҚ «ҚАЗАҚСТАН ОТБАСЫЛАРЫ – 2019» ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА - Алматы: «Art Depot Studio» ЖШС, 2019–88 б.

5. Молодая семья: проблемы и перспективы социальной поддержки [Текст] / под общей редакцией Е.В. Жижко, С.Д. Чигановой. – Красноярск: РУМЦ ЮО, 2015. – 300 с.

6. Ахмедова И.Г. Образ жизни - как интегративный индикатор функционального состояния молодой семьи: Сборник научных статей «Методология, теория и история

социологии». Материалы Всероссийской научной конференции (Ростов-на-Дону, 23-24 ноября 2016 г.). Ростов н/Д: ЮФУ, 2016.– 37 - 42 с.

7. Алешина Ю.Е. Индивидуальное и семейное психологическое консультирование. М., 1999. - 158 с.

8. Специан, Л.М. Социально-экономические проблемы семьи в современном обществе /Семья, общество, государство: история и современность -II. Материалы международной научно-практической конференции (21 декабря 2015 г.). – 70 -74 с.

9. *Blessing Mberu, Joyce Mumah, Caroline Kabiru, and Jessica Brinton. Bringing Sexual and Reproductive Health in the Urban Contexts to the Forefront of the Development Agenda: The Case for Prioritizing the Urban Poor* *Matern. ChildHealthJournal*. 2014; 18(7): p 311–323. 13p.

10. Феминология. Семьеведение :монография под общей редакциейШинелевой Л. Т. и др.Моск. гос. соц. ун-т. - М. : Союз, 2015. - 221 с.

11. Гордон, Л.А. Потери и обретения в девяностых: историко-социологические очерки экономического положения народного большинства В 2 т. Т. 1. Меняющаяся страна в меняющемся мире: предпосылки перемен в условиях труда и уровне жизни М.: Эдиториал УРСС, 2010. 304 с.

References:

1. E.M. Babosov. *Sociologiya: Enciklopedicheskiy slovar' (ot klassiki do sovremennosti)*. М.: Knizhnyj dom «LIBROKOM», 2015. – 480 s.

2. Antonov A.I., Medkov V.M. *Sociologiya sem'i*. М.: Izd-vo MGU: Izd-vo Mezhdunarodnogo universiteta biznesa i upravleniya ("Brat'ya Karich"), 2017. – 304 s.

3. Shalin V.V., Panchenko A.A. TRANSFORMATION OF A LARGE FAMILY MODEL AS A BASIC ELEMENT OF RUSSIA'S SUSTAINABLE DEVELOPMENT. *Theory & Practice of Social Development*. 2019, Issue 4, p64-74. 11p.

4. *Kazakhstannyn ten quyq pen ten mumkindik instituty QQ .«QAZAQSTAN OTBASYLARY – 2019» ULTTYQ BAYANDAMA - Almaty: «Art Depot Studio» ZHSHS, 2019–88 b.*

5. *Molodaya sem'ya: problemy i perspektivy social'noj podderzhki [Tekst] / pod obshej redakciej E.V. Zhizhko, S.D. Chiganovoj. – Krasnoyarsk: RUMC YUO, 2015. – 300 s.*

6. Ahmedova I.G. *Obraz zhizni - kak integrativnyj indikator funkcional'nogo sostoyaniya molodoy sem'i: Sbornik nauchnyh statej «Metodologiya, teoriya i istoriya sociologii»*. *Materialy Vserossijskoj nauchnoj konferencii (Rostov-na-Donu, 23-24 noyabrya 2016 g.)*. Ростов н/Д: YUFU, 2016.– 37 - 42 s.

7. Aleшина YU.E. *Individual'noe i semejnoe psihologicheskoe konsul'tirovanie*. М., 1999. -158 s.

8. *Specian, L.M. Social'no-ekonomicheskie problemy sem'i v sovremennom obshchestve /Sem'ya, obshchestvo, gosudarstvo: istoriya i sovremennost' -II. Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii (21 dekabrya 2015 g.)*. – 70 -74 s.

9. *Blessing Mberu, Joyce Mumah, Caroline Kabiru, and Jessica Brinton. Bringing Sexual and Reproductive Health in the Urban Contexts to the Forefront of the Development Agenda: The Case for Prioritizing the Urban Poor* *Matern. ChildHealthJournal*. 2014; 18(7): p 311–323. 13p.

10. *Feminologiya. Sem'evedenie :monografiya pod obshej redakciejSHinelevoj L. T. i dr.* *Mosk. gos. soc. un-t. - М. : Soyuz, 2015. - 221 s.*

11. *Gordon, L.A. Poteri i obreteniya v devyanostyh: istoriko-sociologicheskie ocherki ekonomicheskogo polozheniya narodnogo bol'shinstva V 2 t. T. 1. Menyayushchayasya strana v menyayushchemsya mire: predposylki peremen v usloviyah truda i urovne zhizni M.: Editorial URSS, 2010. 304 s.*